



3 қараша, сейсенбі 2020 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

СУХБАТ

ТАРИХ

АБАЙ – 175

РУХАНИЯТ

2 Өңірді өркендетудің жүйелі жоспары бар

3 Қызылқұм хикаясы

4 «Абайтану» сериясымен толықты

4 Музей – тарих пен тағылым ордасы



● ПРЕЗИДЕНТ

КӨНІЛ АЙТУ ЖЕДЕЛХАТЫН ЖОЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Түркия Президенті Реджеп Тайип Ердоғанға көңіл айту жеделхатын жолдады.

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Измир провинциясындағы жер сілкінісі салдарынан қайтыс болған және зардап шеккен азаматтар туралы суыт хабарды терең күйзеліспен қабыл алғанын жеткізді.

– Сізге және осы табиғи апатта жақындарынан айырылған отбасыларға Қазақстан халқының және жеке өзіміздің атымын көңіл айтып, орны толмас қайғыға ортақтасамын. Жарақат алған адамдардың тез арада отбасыларына қайта оралуларына дұға етеміз. Бауырлас түрік халқына шынайы тілекші ел ретінде, қажеттілік туындаған жағдайда, қазақ халқы мен Үкіметі тиісті көмек көрсетуге дайын, – делінген жеделхатта.

● COVID-19: МАМАН МІНБЕРІ

ӘРКІМ ӨЗ САУЛЫҒЫНА ӨЗІ ЖАУАПТЫ



«COVID-19» вирусының эпидемиологиялық аяқталуы басталды. Біздің елімізде де жағдай көңіл көншітерлік емес. Осыған байланысты бірқатар өңірлерде карантиндік шаралар күшейтілуде. Біздің облыста ахуал тұрақты болғанымен, қауіпті кеселдің қашан, қайдан келетінін болжау қиын. Сондықтан жағдайға бейжай қарамай, сақтық шараларын қатаң ұстанудың маңызы зор.

№3 емхана бойынша індеттің алғашқы кезеңінде 321 науқас тіркелді. Оның 142-сі коронавирустың нақтыланған жеңіл, орташа және ауыр түрімен облыстық жұқпалы аурулар ауруханасында емделіп шықса, 179-ы инфекцияның симптомсыз және жеңіл түрімен ауырып, үй жағдайында бақылауда болды.

Емхана 65 мыңға жуық тұрғынға қызмет көрсетеді. Пандемия кезінде 11 мобилді топ жұмыс істеді. Оның төртеуі науқастарды көрсеткішіне қарай провизорлық және карантиндік стационарларға тасымалдады. 3 топ індеттің симптомсыз және жеңіл түрлерімен ауырып, сонымен бірге стационардан орташа және ауыр дәрежеде емделіп шыққан науқастарды бақылады. Келесі 4 топ үйдегі стационар бойынша ем тағайындалған пневмония диагнозы нақтыланған науқастарға көмек берді. Оған қоса өзге де мамандар мен психологтар жұмылдырылды. Жалпы пандемияның бірінші тоқпаны кезінде барлығы 30-ға жуық дәрігер, 40-тан аса орта буын медицина қызметкері тұрғындарға қызмет етті.

Қазіргі кезде вирустың болжамды екінші толқыны туралы айтылып, дайындық жұмыстары пысықталуда. Осы орайда емхана қызметі де барлық санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды сақтай отырып ұйымдастырылуда. Науқастарды қабылдау алдын ала жазылу арқылы жүргізіледі. Жеке қорғаныш құралдары қоры жеткілікті мөлшерде жасалған.

Қауіпті індет ешкімді аяп жатқан жоқ. Сын сағатта медицина мамандары өз өмірін қатерге тіге жүріп қызмет етуде. Сондықтан әр адам өз денсаулығына жауапкершілікпен қарап, сақтық шараларын мұқият орындау арқылы ақ халаттыларға қолдау білдірсе деген тілегіміз бар.

Гүлстан МАҚСУТОВА,
№3 қалалық емхана бас дәрігері

● ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

МАҢЫЗДЫ ТАУАРЛАРМЕН ҚАМТЫЛУ КӨРСЕТКІШІ ҚАНДАЙ?

Кеше облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықованың төрағалығымен облыс тұрғындарының азық-түлік тауарларымен қамтамасыз ету мәселесі жөнінде жиын өтті. Онда облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Шахмардан Қойшыбаев пен «Байқоңыр ӘКК» АҚ басқарма төрағасының орынбасары Мұхтар Жансейітов атқарылған жұмыс пен алдағы жоспарлар туралы баяндады деп хабарлайды облыс әкімінің баспасөз қызметі.

Облыс бойынша 29 түрлі әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарымен тұрғындарды қамтамасыз ету үлкен басымдыққа ие. Талдау көрсеткендей, 5 түрлі азық-түлік тауарымен, яғни күріш, тұз, қызанақ, кияр, нан бойынша 100%-тен астам қамтамасыз етуге мүмкіндік бар. Картоп, жылқы еті бойынша көрсеткіш 70%-тен, сәбіз, қырыққабат, пияз, сиыр еті, қызылша, бұрыш, қой еті, балық бойынша 20%-тен асады. Қалған 14 түрлі азық-түлік тауары, яғни, құс еті, жұмыртқа, бидай ұны, қарақұмық жармасы, макарон, сүт, айран, сары май, ірімшік және сүзбе, құнбағыс майы, кант, алма,

шошқа еті, шұжық өнімдері бойынша импортқа тәуелділік байқалады. Қамтамасыз етілу көрсеткіші 80 проценттен төмен және импортқа тәуелді өнімдермен ішкі нарықты толықтыру мақсатында 2023 жылға дейін егін алқаптары мен өндіріс көлемін ұлғайту бағытында шаралар қабылданады деп жоспарланады.

Бұл бағытта 2020-2023 жылдар аралығында жалпы құны 287,4 млрд. теңгені құрайтын 265 инвестициялық жобаның ішінде ауыл шаруашылығы саласында 58,8 млрд теңгені құрайтын 63 жоба бастау алады.

Бүгінгі күнге, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларымен қамтамасыз ету мақсатында құны 14 млрд теңгені құрайтын 45 инвестициялық жобаны жүзеге асыру басталса, оның 9 жобасы іске қосылған. Ал, алдағы жылы Қызылорда қаласында қуаттылығы жылына 5 мың тонналық ет комбинаты, Қармақшы ауданында жылына 1500 тонна құс етін өндіретін құс фабрикасы, Шиели ауданында қуаттылығы 24 тонналық сүт фермасы және ауыл шаруашылығы өнімдерін терең өңдеуге бағытталған басқа да жобалар жүзеге асатын болады.

Сонымен қатар өңірімізде жылдан жылға су мәселесінің өзекті бо-

луына байланысты егін алқаптарын әртараптандыру басымдық ала бермек.

Кейінгі 5 жылда егін көлемі 16 мың гектарға ұлғайып, мал азығы дақылдары 4 мың гектарға, күріштен басқа дөңді дақылдар көлемі 7,5 мың гектарға көбейіп отыр.

Әртараптандыру бағытынан одан әрі дамыту мақсатында көкөніс, бақша дақылдарының көлемін ұлғайту жұмысы жүргізілмек.

Осындай шаралар нәтижесінде 2023 жылға дейін 6 азық-түлік тауары бойынша, оның ішінде күріш, нан, тұз, қызанақ, кияр, жылқы еті 100% толық қамтамасыз етілсе, қартоп пен қамту 70,2 проценттен 84 процентке жеткізілетін болады.

8 тауар бойынша, оның ішінде, сәбіз, қырыққабат, пияз, сиыр еті, қызылша, бұрыш, қой еті, балықпен қамтамасыз ету 20%-ке жоғарылайды.

Импортқа тәуелділік тудырып отырған құс еті, жұмыртқа, бидай ұны, сүт, айран, сары май, ірімшік және сүзбе, алма, шұжық өнімдері құнбағыс майы, кант, қарақұмық жармасы, макарон секілді азық-түлік түрлерімен қамту 2023 жылға қарай 10 процентке дейін ұлғаяды деп жоспарланады.

«СБ» ақпарат

● САПАР

СЫРДАРИЯ: АЙҚЫН МАҚСАТ АЛЫСҚА ЖЕТЕЛЕЙДІ



Жалағаштан кейінгі сапар сәті іргелес Сырдария ауданында жалғасты. 38 мыңнан астам халқы бар аудан егімен де, атакәсіп – төрт түлік өсірумен де айналысады. Атқарылған жұмыс көп. Орталықта жаңа ғимараттар жыл сайын тұрғызылып, ауылдық жердегі кәсіп көзі молайған. Ендеше, маңдайы терлемей, қазаны қайнамайтын еңбексүйер халық арасындағы тағы бір сапар жазбасын ұсынамыз.

Өткенін бағалағанның мәртебесі биік

Біз баратын музей орталық алаңда орналасқан. Ал оған барар жолда кент келбетін ерекшелетін орындар көп. «Тағзым» алаңы, «Құрметті азаматтар» аллеясы, шағын саябақ, су бұрсақ, т.б. Алаңға көрік беріп тұрған тағы бір дүние – алтын сағат. Әр уақыт көрсеткен сайын Шәмшінің «Сыр сұлуы» әні шырқалатын сағаттың биіктігі – 14, ал ені – 5 метр. «Еңбек даңқы» музейінде

тұтастай аудан тарихы топтастырылған. Сырдария құрылғалы ел басқарған азаматтар мен шаруашылық төрағаларының портреттері, олар пайдаланған дүниелер, кітаптар бар мұнда. Ұлы Отан соғысы, Ауған соғысы және Семей ядролық полигонында болған ардагерлерінің орден-медалдары да тұр. Сондай-ақ аудан орталығы Теренөзек кентінен бастап, 13 ауылдық округ жайлы мәлімет бар.

Әр ауылға бір бұрыш арнаған музей қызметкерлері сол елден шыққан республика, облыс-ауданға белгілі азаматтар жайлы тамаша мағлұмат

жинастырған. Еңбек озаттары, күріш пен мал шаруашылығындағы жетістіктер, аудан спортшылары мен мәдениет қайраткерлері туралы тың деректер де осында.

– Сырдариядан шыққан ақын-жазушылар, аудан атын шығарған еңбек адамдары толық қамтылған. Сондай-ақ колөнер шеберлері, өнер адамдары, айтыскерлер, мұнан өзге аудандағы әртүрлі салаға еңбегі сіңген ардагерлеріміз жайлы тарихи мәліметтер бар, – дейді аудандық музейдің ғылыми қызметкері Салтанат Қуандықова.

2-бет

● ҚАБЫЛДАУ

ШТАБ ЖЕТЕКШІЛЕРІМЕН КЕЗДЕСТІ

Кеше облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі жанындағы республикалық ақпараттық-ағартушылық штаб жетекшісі Бірза Тұрсынзада және агенттіктің парасаттылық департаменті директоры Ғанижан Асанұлымен кездесті деп хабарлайды облыс әкімінің баспасөз қызметі.

Аймақ басшысы қоғам алдында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруда ақпараттық үгіт-насихат жұмыстарының маңызы зор екенін айта келіп, өңірде жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бағытындағы бірқатар жобалардың тиімділігін атап өтті.

– Бүгінгі күні халықпен ашық сұхбат құру және ақпараттандыру шаралары арқылы тұтастық қағидаларын кеңінен дамыту – қоғам үшін өте маңызды іс. Облысымызда бұл бағыттағы жұмыстар Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясына және әкімдік арқылы бекітілген салалық бағдарламаға сәйкес атқарылуы тиіс. Қазіргі кезеңде өңірде «Ақмешіт – адалдық алаңы» жобалық кеңсесі белсенді жұмыс жасауда. Мемлекеттік қызметшілердің халыққа ашықтығы мен қолжетімділігін күшейту үшін «Open space» жобасы жолға қойылды, – деді облыс әкімі.

Аймақта «Ақмешіт – адалдық алаңы» жобасы аясында Қызылорда қаласы және облысқа қарасты 7 ауданда жобалық кеңселер ашылып, құрамында әр салаға жауапты мамандар бекітілді. Сонымен бірге 53 мекеменің қызметі «Open space» форматына, 11 мекеменің қызметі «Сервистік ашық әкімдік» фор-

матына ауыстырылды. 210 мекеме басшысының қызметтік бөлмелері бірінші қабатқа көшірілген.

Кездесуде штаб жетекшісі Бірза Тұрсынзада сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бағытында үгіт-насихат жұмыстарының оң әсер беретінін, қоғамдық сананы жаңғыртуға адалдық, адамгершілік принциптерін сіңіруіміз қажеттігін айрықша атады. Ал, департамент директоры Ғанижан Асанұлы құқық бұзушылықтарды төмендету арқылы экономикалық өсу мен азаматтардың әл-ауқатын арттыруға мүмкіндік болатынын қаперге салды.

Биылғы жылдың 9 айының қорытындысымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бағытындағы жұмыстардың 25 процентке төмендеген. Ашықтыққа жол ашатын мемлекеттік қорытындылардың көрсеткіштерін күшейту үшін «Open space» жобасы жолға қойылды, – деді облыс әкімі.

Аймақта «Ақмешіт – адалдық алаңы» жобасы аясында Қызылорда қаласы және облысқа қарасты 7 ауданда жобалық кеңселер ашылып, құрамында әр салаға жауапты мамандар бекітілді. Сонымен бірге 53 мекеменің қызметі «Open space» форматына, 11 мекеменің қызметі «Сервистік ашық әкімдік» фор-

«СБ» ақпарат

● ӨЗЕКТІ

Көршілес қырғыз бен өзбек елінен жылына мыңдаған адам Ресей мен Қазақстанның түкпір-түкпіріне нан табу мақсатымен келеді. Олар еңбекқорларын өз еліне аударды. Нәтижесінде салықтан Қырғызстан 2,5-3 млрд, Өзбекстан 6-7 млрд АҚШ долларын бюджетке түсіріп келді. Бірақ, биыл пандемияның салдарынан шекара жабылды. Ресей мен біздің елде құрылысшылар тапшы болса, көрші екі мемлекеттің экономикасы әлсірейді. Мәселенің жай-жапсарына қанығу үшін өңірдегі құрылысшылармен сөйлесіп көрдік.

Дәулет ҚЫРДАН,
«Сыр бойы»

ЖҰМЫС БАР, ЖҰМЫСШЫ ЖОҚ

Наржігіт Маратұлы Қызылордадағы құрылыс компанияларының бірінде жұмыс істейді. Облыстық былай қойғанда, республика аумағында талай нысанның құрылысына қатысқан. Оның айтуынша, гостарбайтерлердің келмеуі алып құрылысқа салу қиын тигізе қоймапты. Тек кірпіш зауыттарға қиындық тудырған.

– Қазір өзіміздің қандастарымыз да құрылыстың қырсырын менгерген, – дейді ол. – Әсіресе, үлкен нысандарда, еурожөндеу жүргізуде мен танытын жігіттердің наны жүріп тұр. Өнер гой бұл. Қазақ баласын өнерден ада деп кім айтыпты?! Гостарбайтерлердің келмеуі керісінше, жақсы болған сияқты.

Аймақта аты танымал «Асар» холдингі қазір көпқабатты тұрғын үй құрылысымен айналысуда. Холдинг несі Қожахмет Баймаханов маман тапшылығы мәселесін көтеріп жүргеніне көп болды. Оның айтуынша, ресейлік компаниялар да тығырықтан шығар жол іздеп, мемлекетке шекараны ашу мәселесін қарауды өтініп келеді.

– Бізде баланы жұмысшы мамандыққа мектептен баулу керек. Тоғызыншы сыныпты

төмамдағанда, оны өңірдегі колледждерге жұмысшы мамандығына жіберу қажет. Барін емес, бейімдері болады гой ішінде. Бұдан кейінгі тағы бір мәселе, сол колледжде оқытын кран жүргізушісі техниканы тек теория жүзінде ұғынып жатыр. Қранның қасына барса, басын қасып төсейіп қалады. Біз өзімізге өзіміз істеп жүрміз. Сол кран айдауды теориядан көрген баланы маған әкеліп: «Сізде бірнеше кран бар екен. Мына балаларды әкеліп тұрмын. Бұларға үйрету керек еді» десе, мен қуана-қуана қарсы аламын. Үкімет оларға 27 мың теңге стипендия төлесе, мен үстіне 50-60 мың айлық берер едім. Одан бөлек, кірпіш қалаушыны әкеліп, сіздегі құрылыс басында үйренсін десе де, мен солай істер едім. Ертенгі күні одан шебер тас қалаушы шықса, маған керек маман гой. Тым құрыса, көмекші бола алатындар шығады. Алты ай бұрын есепшім қайтыс болған. Қазір сол орынның бос тұрғанына алты ай болды. Жұмысшы мамандығын айтпай-ақ қойғаным өзіңде, осы таза жұмысқа адам таппай отырмын. Сонда бізгегі оқу орындарын бітіргендер қайда? – дейді Қ.Баймаханов.

3-бет

● БАСПАСӨЗ – 2021

ЖАСТАР ДА АҒА БАСЫЛЫМҒА ЖАЗЫЛАДЫ

Өңірдің 90 жылдан астам тарихының куәгері – «Сыр бойы» газетінің жастар арасында да оқырманы көп. Қазір дүние дидары өзгерді, технологияның заманы туды. Бірақ адам баласына қашан да ақпарат алмасу маңызды.

Бүгінде ақпарат алудың жолы сан алуан, интернет иірімін түсінгенге тұк те қиыны жоқ. Бірақ сенімділік, оқиганы зерттеп барып тұрғындарға ұсынатыны санаулы. «Сыр бойы» газетін алты Алаштың анасына


баланған аймақтың күн сайынғы жаңалығын жеткізген, мәселелерді сараптан өткізіп, дерек пен дәйекті шынайы ұсынатын ата басылым санаймын.

Жастар қашан да аға буынға, ел ағаларына қарап бой түзейді. Сөзінен тәлім, ісінен өнеге алады. «Сыр бойы» газеті – ел, аймақтың басты жаңалығынан өзге, алдыңғы толқын аға буынының игі істерін, көзқарасын жеткізуші халықтың үні.

Сырбойлық жастардың осы кезге дейінгі жұмысы, пандемия кезіндегі еңбегі

газет арқылы оқырманға жол тартты. Тындырымды тірлік тілшілер назарынан тыс қалған емес. Айта кету керек, бүгінгі буын баспасөздің артықшылығын, маңыздылығын түсінеді. Қағазға түскен, тасқа басылған тарих ғасырдан ғасырға жетеді. Биыл да жазылу науқанында көптеген жас «Сыр бойы» таңдай бастады. Келер жылы жағымды жаңалық көп болсын!

Бауыржан МАСТЕКОВ,
облыстық жастар ресурстық орталығының директоры





Шоліркеп қалған қойды мейірін қандыра суарған жиірен жигіт қой ішін аралап жүр. Бір мезетте еңкейе бере көз ілесес жылдамдықпен бір марка қозыны сирағынан шап беріп ұстап алды да, жерге алып ұрып, сол аяғының тізесімен басып тұрып, сырға шалбарының қалтасынан ағаш сапты кездігін қынабынан суы-

кабырғалы теплушқадан құралған. Темір жол жаралғалы бері мұндай теплушқаларда солдаттарды, кейде жылқы тиіп тасушы еді. Біреуіне қырық шақты солдат сыйып кетеді. Болмаса кемшібімен қоса сегіз-тоғыз жылқы еркін енеді. Оның кішкене дөңгелекпен сырғып әрлі-бері жүретін үлкен жаппа есігі бар. Жазды күндері осы даладай есікті бір жағына сырғытып ашып тастап, орнына адам құлап кетпесін деп көлденең ағаш тартып қояды. Ал қыс кезінде дағарадай есікті қымтап жауып, іштегі «бұржуйқаны» шойыны қып-қызыл болғанша отынмен, болмаса көмірмен қыздырып, пештің

белен біршама саябырсыған соң, «Вагондарына мінділер!» деген жарлық естіліп, бұлар мінген эшелон ақырындап орнынан қозғалды. Бұл сайтанның сапалағындай сап етіп келе қалған жаудың соңғы тамтық ұшағы тастаған бомбадан темір жол бойында қисайып жатқан жолаушы вагондарына на-залана қарады. Айналасында солдаттар жүр. Іште ауырсына айғайлап жатқан адамдарды сыртқа шығарысып жатыр. Пойыздың жүріп келе жатқан жағына қарай ұмсына қараған Қуаныш кенет қирап жатқан вагонның астыңғы жағынан етпеттей жылжи шығып келе жатқан кішкентай сәбиді көзі

бұл балаға не істеу керек екендігін келген соң шешеміз, – деді қысқа қайырып. Ем бөлмесінде екеуін суга шомылдырып, дәрігерлер қарап шыққан соң жақсылап тұрып ауқаттандырып, ұйқыға жатқызды. – Баланың дені сау, – деді бұлар ұйықтап тұрған соң дәрігер қазақ солдаттына. – Сіздің қолыңыздың жарасы да жазылып келеді. Мойныңыздағы ілгек жіпті шешіп, етпет жаттықтыра берсеңіз де болады. Оқ тиген жерді бинтпен байлап тастаймыз. Орны енді ғана бітіп келеді. Бір жақсысы, сүйегіңіз аман. Әскери комендант қарамағындағы солдаттардың біреуі Қуанышты кішкентайымен бірге Қазан вокзалына жеткізіп салуды, Қызылордадағы солдат билетін алып беріп, вагонға орналастыруды, жолға жететін азық-түлік алып беріп, қазақ солдаттының туған-туыстарына желделхат салуды тапсырды. Осы шаруаның барлығын телефонмен Қазан вокзалының әскери комендантымен келісіп, тап-тұйақтай етіп бітірді.

ХИКАЯТ



Суретті түсірген Болат Омаралиев

рып алып, ақтан ептілікпен малдың артық аяғының өсіп кеткен тұяғын сылып тастады да, марқаны босатып қоя берді.

Тағы бір айнала бере қарай-ған көп малдың арасынан іздегеніп тапқандай қалт тұра қалып, әбжіл қимылымен саулық қойды алып ұрып, екі тізесінің ортасына қысып тұрып, сап-та етігіннің қонышынан қырықтық қайышыны алып, құйрығына қатып қалған боғын қырқып алып тастады.

Әй, азамат! Тұсаң ту! Бұл да қарақол қойын әжептәуір зертеген ғалым еді. Талай-талай ширақ шопандарды көрген өз заманында. Бірақ дәл осындай малсақ, епті, шаруақор малшыны жолықтырып тұрғаны осы. Мына мыңға тарта қойдың ішінде бағанадан бері ара-лағанда байқап келеді, бірде-бір ақсақ-тоқсақ, ауру мал жоқ. Олай болатын жөн бер.

«Дегенмен, мына сары шашты қазақ бұл құла дүз далада қайдан жүр? Жаугер Шыңғысханның да шашы жиірен болған деседі. Ұлы жаһангер әскерінің табаны бұл жерге де тиген, балкім, сол бір заманғы көне халықтың қаны шығар осы күнге бұзылмай жеткен!» Әлде, шешесі орыс, болмаса татар қызы ма екен» деген ой ұлық адамға маза бермей, сана-сың қаулап алды.

Сол екі арада құдық ба-сына су алуға егде әйел жа-қындады. Мына жігіттің көзі қалды. Мына жігіттің еті бала-сыңдай еркелей анам деп тіл қатқанынан-ақ, үйшілік мейіра-шүйде жұмыстарды қазбалап кездерінен-ақ, мейманды мәзағанға әлгідей ойлар өз-өзінен сөйлеп сала берді. Сым-дай сартылған сары қазақтың осы үйдің баласы екендігіне енді әредей де күмон қалмаған.

Алексеј жолдасы ауыл азаматтары көлге шомылуға, жейдені шешіп алып, онымен балық сүзудің қызығын қы-зықтауға шақырып алып кетті. Қамсы мен қоғасы көпкеңбек боп жапырыла өскен көл бө-лендей терең емес-ті. Орта тұсында жер астынан бүлк-бүлк етіп шығып жатқан тұщы су көзі көл денгейін түсірмей бір денгейде ұстап тұр.

Ұлықты қауламаған бір қауым жұрт етпісірім уақыт қауқылдасып көл ішінде жүр-ді. Бір кезде үй жақтан шайға шақырған әмір де жетті. Был-қылдай піскен жас марқанын етін асай отырып айтылған ұзақ-сонар әңгіменің ішінде мына бір хикаяның жөн-жо-сығы тіптен бөлек-ті.

III

1945 жылдың мамыр айы-ның соңына қарай Берлин үшін болған қиян-кескі шайқаста қолынан жаракат алған Қуа-ныш Қойбағаров әскерден бо-саған кенес солдаттарының бір тобымен соғысты аяқтап, еліне оралып келе жатты.

Ұзыннан-ұзақ эшелон кір-піш түсті бояуға боялған ағаш

үстіне тамак пісіріп, су өткен зертеп кімді кептіріп, жолаушы біткен арқа-жарқа болып жата-ды.

Қазақ солдаты Қуаныш мін-ген осындай «вагонның» ішіне де соғыстан қайтқан қырық шақты солдат сыйысып кетті. Қан майданда жеріске жеткен әскердің қабарман жауынгері ретінде бөрінің де арқалаған қос-қос олжа-шамандарды бар. Үйге сәлем-сауқат алуға арнайы рұқсат берілген. Сон-дықтан «вагонның» екі қанаты қап пен шамаданға толы. Сол-даттар вагонның ортасында ұйлығысып отыр. Көңіл сыйса бәрі сияды деген риясыз кен-қолтық көңілмен келеді бәрі.

Қуаныштың арқасында тек «вещешоғы» ғана бар, по-йыз дәл жүрек кезде адам толы вагонға сығыстырып отыр-ғызып жіберген. Госпиталь-дан жана ғана шыққандықтан, сыбаға-шамадан мыңы қолына тимеген. Жанашыр санитарлар жаралы солдаттың қамын ой-лап, мөшегіне жарасын байлап-майлайтын бинт пен дәрі-майға қоса оншақты консерві, екі-үш бөлке нан салып берген.

– Сәлем-сауқатты жолай кездескен стансалардан алар-сың. Дәл осы пойызбен кетіп қалмасаң, бұл жерде ұзақ шы-ралып қалуың мүмкін, – десе-кен олар.

Варшаваға тақай бергендегі бір стансада бірнеше әскери эшелон, тағы бір жолаушылар пойызы тұрып қалыпты. Тоқ-тап тұрған эшелон мен вок-зал ғимаратының арасында бақыраштарына қайнаған су құйып алмақ болып арлы-берлі жүгірісіп жүрген қалың солдат.

Күн бүгін ашық та жылы. Қуанышқа жаралы болған соң есікке жақын жерден орын босатып берген. Қазір ол сау қолымен көлденең ағашты қыса ұстап сыртқа көз жіберіп тұр. Ары-бері толассыз жүгірген майдангерлерге қарап тұрып, көз алдына Қызылордаға келе-тіні, туған-туыстарының қуа-ныштары қойындарына сый-май қарсы алатындығы келді. Одан әрі әкесіне ілесіп түйемен құмдағы ауылға аттанатынын ойлағанда, жүрегі өрекілді.

Кенеттен төменге қарай төне ұшқан ұшақтың гүлі, іле жүрсіндей жарылған бомбаның жарылысы естілді. Соның бірі платформаға тақау түсіп, әскери эшелонға жақын тұрған, ішінде әйелдер, бала-шаға то-лып отырған жолаушылар по-йызының бірнеше вагонын аударып тастады. Айғай-сүрең басталды. Солдаттар құлап жатқан вагондарға қарай, іште қалған адамдарды құтқаруға жүгірді. Қуаныш келе жатқан вагондағы солдаттар да теп-лушқадан қарғып-қарғып түсе қалды.

Бұл да соларға ілеспек болған. Бірақ старшинаның: – Аңдағы жаралы қолымен қайда бара жатырсың?! Сенсіз де шамамыз жетеді! – деген айқайы тоқтатты. Үрейдің беті қайтып, дүр-

шалды. Үстінде қан тиіп был-ғырған көгілдір түсті көйлегі бар.

– Ей, бауырым! – деп айғай салды ол жанынан жүгіріп өте берген солдатқа. – Қарашы ана-ны!

Солдат жүгіріп келіп, әлгі кішкентай баланы жылжып келе жатқан пойыздың таба-ның астынан дерліктей жер-ден суырып алды да, теплушқа-дан бұған қарай қолын созған Қуаныштың қолына ұстатып үлгерді.

– Айналайын, балапаным, – деп емірене сөйлеген Қуаныш сау қолымен бір жаса енді толатындай сәбиді кеудесіне қысты.

Теплушқа ішіндегі солдат-тар ешкім ештеңе демей-ақ ораны ашып, астына ши-нельдерін төсеп, оның үстіне біреулердің таза көйлегін жай-ып, Қуаныш пен сәбиге орын босатты.

Қуаныш жайма төсектің шетінде отырып, бажылдап жылған сәбиді тыныштанды-райын дәл кеудесіне басты.

– Медицинадан хабардар қайсысың барсыңдар? – деп дауыстала біреу. – Мына бала жараланып қалған болуы керек, желдел көмек жасамаса болмай-ды!

– Мен дәрігер болмасам да, госпитальдің маңында жүрген кісімін. Кәне, көрейін, – деп бір қарт солдат жақындады. Біраздан кейін:

– Бала жараланбаған, сап-сау. Тек көйлегіне біреудің қаны жұққан, – деді. – Анасының қаны болар, сіре, – деді әлдекім.

Қуаныш баланың қан жұққан жерінен үстінен шешіп алып, оған өзінің тап-таза сол-дат көйлегін қигізді. Сәбидің үстіне шиналмен ыждаһатпен жауып қойды. Еміздіктің орны-на қантқа шылғаннан бір кесегін шүберекке орап аузына салды да, бір өзіне ғана мәлім тілде ыңылдап ән айтып, бала-ны әділдей тербете бастады. Бұл қазақтың қадімі «Әлди әні» еді.

Келесі стансада да, одан кейінгі кенестік шекарадағы стансада да жолай кездескен жанашыр медикерлерге де Қуа-ныш баланы бермеді.

– Сәби маған әбден ба-уыр басып алды, сіздердің қолдарыңызда жылайды. Мен бұл баланы өзіммен алып кетемін, бауырыма салып ала-мын, – деді жауынгер Қуаныш.

Мәскеудің Белорусь вок-залында эшелонды вокзалдың әскери коменданты – майор шеніндегі адам қасындағы бес-алты патрульмен бірге қарсы алды. Қолына кішкентай бала ұстаған, нығызна рюкзак асын-ған солдатты көріп, тоқтап жөн сұрасты. Мәселенің мән-жайын білгеннен соң, жанындағы сол-даттардың біріне Қуанышты бұлдіршімен бірге әскери ко-мендатураға апарып, өзінің кабинетіндегі диванға жатқы-зуға бұйрық берді.

– Мен көп ұзамай келемін,

бұл балаға не істеу керек екендігін келген соң шешеміз, – деді қысқа қайырып. Ем бөлмесінде екеуін суга шомылдырып, дәрігерлер қарап шыққан соң жақсылап тұрып ауқаттандырып, ұйқыға жатқызды. – Баланың дені сау, – деді бұлар ұйықтап тұрған соң дәрігер қазақ солдаттына. – Сіздің қолыңыздың жарасы да жазылып келеді. Мойныңыздағы ілгек жіпті шешіп, етпет жаттықтыра берсеңіз де болады. Оқ тиген жерді бинтпен байлап тастаймыз. Орны енді ғана бітіп келеді. Бір жақсысы, сүйегіңіз аман. Әскери комендант қарамағындағы солдаттардың біреуі Қуанышты кішкентайымен бірге Қазан вокзалына жеткізіп салуды, Қызылордадағы солдат билетін алып беріп, вагонға орналастыруды, жолға жететін азық-түлік алып беріп, қазақ солдаттының туған-туыстарына желделхат салуды тапсырды. Осы шаруаның барлығын телефонмен Қазан вокзалының әскери комендантымен келісіп, тап-тұйақтай етіп бітірді.

IV

Жауынгер Қойбағаров об-лыс орталығына небір қиын-дықпенен бір ай жүріп әзер жетті. Қалаға соғыстан қайтқан ұлын қарсы алуға қарт әкесі де келді.

Түйеге мінген үшеу Қызыл-құмның ішінде отырған құмды ауылға жазғы күннің ыстық ақтабына пейіштің самалы-на тербелгендей рахат күйде жетті. Шіркін, туған жердің топырағының дәмі мен иісіне жетер не бар екен мына дү-ниеде?!

Соғыстан ұлды болып қайтқан баласының тойына әкесі бір жарым жастағы бір өгізшесі мен бір еркек қойды жықты да тастады. Жан-жақтан тойға шақырылған ағайын-туыс, құда-жекекат соғыстан сүйегіміз жұқырып шықты демеді, әркім хал-қадірінше сый-сияпатымен жетті.

Құм ішіндегі ауылда той өз салтанатымен өтті. Соғыстан келіп жұлған кез дейтіндей есіме, ішіп-жем, қымыз бен шұбат мол болды. Тіпті, ауыл арасындағы ақындр сөз талас-тырып, әншілер ән жарыстыр-ды.

Тойдың аяғы тақады-ау дегенде, Қуаныштың әкесі Қойбағар ақсақал қызынып алған халықты тыныштанды-рып алып:

– Айналайын, ағайын! – деп дауысы біртүрлі жарықшақтана шығып сөз бастады. – Қуа-ныштың әскерден біреу емес, екеу болып ораның естін-біліп жатырсыңдар. Енді сол бұлдіршінің елдің бағасын алып, бауырыма саламын дейді.

Сөйтті де, баланы қолына алып, басына көтеріп:

– Енді көп болып осы ба-ланың атын қойың! – деді.

Жиналған халық өзара гүіл-десіп кетті. Бір заматта сілтідей тыныштық орнады. Жиналған халықтың ішіндегі ең жасы үлкені, тоқсанға тіреліп тұрған абыз ақсақал Нияздың саңқ еткен дауысы естілді:

– Ау, жарандар! Кенесіп пішкен тон келте болмайды. Мен сол көптің тілеуін жет-кізейін. Мына қан майдан соғыстан аман қайтқан Қуа-нышпен бірге біздің ауылға жетсе келді. Ол жеңіс мына бұлдіршіні бейкүш баламен ілес келді. Ендеше, менің сө-зіме келесендер, баланың атын Жәніс деп қояйың!

– Жөн сөз! Нияз ақсақалдың атына дұрыс. Солай болсын! – деп тойға жиналған жұрт тағы дуылдасып кетті.


Араға біраз айлар салып, Қуаныш көршілес ауылдың Роза деген қызына үйленді. Жас отбасында енді жыл ара-латып өз кіндігін тараған ұл-қыз дүниеге келе бастады. Обалы нешік, Роза Жәністі өз балаларынан кем көрмеді. Бірге туғандай болып, осы үйдің тұңғышындай ер жетті.

Жәніс өте пысық та ширақ болып өсті. Үш жасында-ақ аттың жалына жармасатын бол-ды, мал қайыруға жарам қалды. Бір әредікте атасы ауылдық кенестің хатшысына апарып, баланың аты-жөнін Жәніс Қуанышұлы, туған жылы – 1944 жыл, ұлты – қазақ деп жаздырып алып қайтты.

Өмірзақ СҮЛТАНОВ, ғалым, экономика ғылымдарының кандидаты, **Сайлау ТӨЛЕУОВ,** журналист. Семей-Астана.

(Басы өткен санда. Жалғасы бар)

ЖҰМЫС БАР, ЖҰМЫСШЫ ЖОҚ



Расмымен, соңғы кездері жұмыс жоқ деп, дипломын сандықтың түбінде сары май-дай сақтап қоятындырды да жиі кездестіресін. Әсіресе, көл-кіпкен кісі тасымалдап тақси болатындардың қатарында жұ-мыссыз мамандардың қатары қалың. Солардың бірі – Асыл-бек Бектай.

– Жасым отызға да толған жойса. Жұмыс берушілердің ұсынатын жалқысы мардым-сыз. Амалсыз несиеге көлік алдым да, тақси болып жүрмін. Табысым жақсы. Бір мекемеде байланып жұмыс істегеннен осы дұрыс сияқты. Өз білігім өзімде, – дейді ол.

Қазақстанда 3 861 000 көлік тіркелген. Бұл – елдегі әр үйде бір көліктен бар деген сөз. Қазір тақсидің де табысы мол деп айта алмаймыз. Бірақ төрт жыл табан ет, маңдай термен оқыған мамандығының ма-наын болмасаң, ол да қиын. Балкім, саланың қиындығына кей кісілердің жүрегі дауала-майтын шығар. Кім білсін?!

– Қазақ десек, өзімізге тиеті. Бір кездері көшкі-конмен «біресің», әр өзбек үшін 5 мың теңге төлеп, жергілікті компаниялар заңсыз әрі ар-зан жұмыс күшін қолданды. Өзіміздің мамандарды бір шетке ысырып тастады. Құры-лыста гастарбайтерлердің ма-нызын осылай өзіміз артты-рып алдық. Енді келіп, тежеліп қалған құрылыста олардың орнын толтыра алмай отыр-мыз. Таяқтың екі ұшы бар

1-бет

дейді гой. Бұрындары осын-да келіп жұмыс істеп жүрген Рома есімді өзбек азаматына бар білгенімді үйреттім. Газ-электрмен дәнекерлеуге де бау-лықым. Үйдің қасбетін істеуді көрсеттім. Қағып алды. Маған 2-3 айда бір мәрте хабарласып тұрады. Алғысын жаудырады. «Болат аға, сол кезде маған үйреткендеріңіз қазір қадеге асуда. Елден шығармай қойса да, табысқа кенеліп жатырмын. Рақмет сізге» дейді. Маған ол мақтаным емес, қазақтың қарадомалағы осыны үйреніп алса, сол жақсы. Үйретемін деп, талай қандасымызды бау-лықым. Бірақ, үйренуге бау-лық жоқ. Темірді жонып келтіру үшін Қызылордадан тоқары таппадым. Мен апарған затты олай істей алмаймыз дейді. Ал тоқары болу үшін логика мықты болуы керек. Біздің балалар бас қатырғысы келмей ме, жоқ әлде логикасы дамымаған ба, білмедім. Ал бос жүрген 2 мың заңгері бар өңірден біз «Атамекен» кәсіпкерлер па-латасына мықты заңгер тап-пайды. Бір жүргенімді біреу білсе, біреу білмейді, – дейді қоғам белсендісі Болат Нұрқожаев.

Рас, маман тапшылығын жоюды біз мектеп партасы-нан бастауымыз керек тәрізді. Өйткені, бұрынғы еңбек сабағында ағаш жонып, темір түзейтін балалар қазіргі еңбек сабағында Ұлттық тестілеуге дайындалады. Ер балалар екі сабақты 5-ке оқиды. Ол – дене тәрбиесі мен еңбек сабағы. Міне, бұрынғылардың еңбекке баулуын бүгінгілер

жарамсыз санап, оның есесіне сабақ оқысын деп жатады. Есейіп қалған оқушысы бар әр үй мұнымен жақсы та-ныс. Өзіміздің де басымыздан өткен. Бүгінгі балға ұстап, шеге қаға алмайтын жасты осылай шығарып жатырмыз. Бұл – қоғамның дерті.

Қош, тақырыпқа ойсайық. Осы жазда үйіне жөндеу жүргізетіндер ұста іздеп, бе-зек қағып кетті. Табылғанын өзінің қалтасында ұзын-сонар тізім бар. Сол тізімге 32-ші болып енгенім бар. Мәселен, Жанлос Бимұрат есімді сылақ-шы ұста осы жазда топ болып жұмыс істеп, әрқайсысы орта есеппен 2 млн теңгеден артық ақша тапқанын айтады.

– Бұл тақырып биыл қо-ғамның қызу талқысына ұшы-рады. Өзім де көзқарасты азаматпын. Мамандығым – мұ-ғалім. Қолымның ебі болған соң ұсталыққа шығып кеттім. Бір жағынан мектепте орын жоқ. Орын болғанмен, жұмысқа тұрудың машақаты көп. Қазір табысым жаман емес. Жаз бойы біржылдық табысымды табамын да, қара құзден бастап отбасымын ортасында бола-мын. Биыл менің жалғыз өзім ғана 4 млн теңгенің үстінде қаражат жиналдым. Кезек көп болды. Жұмысқа көп күн ара-ласпай, тиіп-қашқандардың өзі 2 млн теңгенде аз таппады.

Менің ойымша, біз, қазақтар, өз-өзімізге сенуіміз керек. Ал «анау ішіп кетеді, мынау қанып кетеді» деп жүре бер-сек, гастарбайтерлердің со-ның ергеніміз ерген. Өзгеңің қолына ұстатқан 5 теңгенің сол елдің экономикасына түсетінін ойлауымыз керек, – дейді Ж.Бимұрат.

Десек те, қазір уақыты мен қолында табысы бар жанның көбі үйін өзі жөндейді. Әкеміз «Балам, өз басыңа маңдай терің сіңісің» дейтін. Сол сияқты бүгінгілер білмегенін әлемжелден қарай салады не-месе бір тер ұстаны шақыртып, содан көріп алады. Өкір қарай өзі жалғастырып кете бара-ды. Құралы бардың қолында мүмкіндік көп. Ағашты кесесіз бе, бетіне ою саласыз ба, оны оюлап қиясыз ба, әлде темірді иіп, бұрап келтіресіз бе, мұның бәрін құрал жасайды. Адамның күші жай ғана сеп. Содан болар, дайын сайманды сатып алып, өзінің үйін өзі жөндеп жатқан талайды көрдік. Қоғам дамы-ды. «Көршілер есіктен қарамай қойды» деп, Қызылорданың құрылысы тоқтап қалған жоқ.

Сіз қалай ойлайсыз, құр-метті оқырман?

Хабарламалар

ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 ж. 28.06 №204-ө бұйрығымен бекітілген «Жоспарлау алдындағы, жоспарлау, жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасын әзірлеу кезінде көзделіп отырған шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға әсеріне бағалау жүргізу бойынша нұсқаулықтың» 53-тармағына сәйкес «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ (21-07). «Оңтүстік-батыс Қарабұлақ кенішінде су айлау жүйесі. №4 ұңғымасына айлау желісін тарту» жұмыс жобасы бойынша қоғамдық пікірді тіркеу үшін жазбаша ұсыныстар мен ескертулерді қабылдайды.

Жазбаша ұсыныстар мен ескертулер Қызыл-орда қаласы, Қазбек би к., 13 мекенжайында және zhomart.myrzabekov@petroqazakhstan.com электронды поштасы арқылы қабылданады. Анықтама алу телефоны: 8(7242) 29-91-92.

ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 ж. 28.06 №204-ө бұйрығымен бекітілген «Жоспарлау алдындағы, жоспарлау, жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасын әзірлеу кезінде көзделіп отырған шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға әсеріне бағалау жүргізу бойынша нұсқаулықтың» 53-тармағына сәйкес «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ (21-55-01). «Оңтүстік Құмкөл кенішінде 245, 247, 2069,

50р, 2078, 408 ұңғымаларына болат құбырларын шыншалыққа ауыстыру» жұмыс жобасы бойынша қоғамдық пікірді тіркеу үшін жазбаша ұсыныстар мен ескертулерді қабылдайды. Жазбаша ұсыныстар мен ескертулер Қызылорда қаласы, Қазбек би к., 13 мекенжайында және zhomart.myrzabekov@petroqazakhstan.com электронды поштасы арқылы қабылданады. Анықтама алу телефоны: 8(7242) 29-91-92.

ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 ж. 28.06 №204-ө бұйрығымен бекітілген «Жоспарлау алдындағы, жоспарлау, жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасын әзірлеу кезінде көзделіп отырған шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға әсеріне бағалау жүргізу бойынша нұсқаулықтың» 53-тармағына сәйкес «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ (21-06). «Қарабұлақ кенішінде су айлау жүйесі. №26 ұңғымасына айлау желісін тарту» жұмыс жобасы бойынша қоғамдық пікірді тіркеу үшін жазбаша ұсыныстар мен ескертулерді қабылдайды.

Жазбаша ұсыныстар мен



«АБАЙТАНУ»
СЕРИЯСЫМЕН
ТОЛЫҚТЫ

Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап-ғылыми кітапханасының қоры абайтанушы ғалым, филология ғылымдарының докторы Мекемтас Мырзахметұлы дайындаған «Абайтану» сериясының 10 томдығымен толықты. Жинақ биыл «Қазығұрт» баспасынан жарық көрді.

«Абайтану» сериясының бірінші томында ұлы Абай мұрасының зерттелуі мен абайтану тарихының қалыптасу жағдайы сипатталса, екінші кітапқа М.Мырзахметұлының «Мұхтар Әуезов және абайтану мәселелері», «Абай және Әуезов» атты тұжырымдамалық еңбектері, «Абайды оқы, танырқа» атты хрестоматиясы енгізілген. Үшінші томда Мұхтар Әуезовтің мол мұрасы оқырман қауымға жүйеленіп берілді. Бұл кітап 1997 жылы «Санат» баспасынан шыққан калпында өзгеріссіз жарияланып отыр.

Мұнан кейінгі кітаптарда Абайдың Шығыс мәдениетіне қарым-қатынасы ғылыми тұрғыдан баяндалып, құнды зерттеулер, Әуезов пен ақынның шығармашылық мұралары тереңіргендігі ой-толғаныстары, ұлттық идеологияны қалыптастыруға байланысты көзқарастарын ұсынған мақалалары топтастырылған. Соңғы томда М.Мырзахметұлының Абайдың адамгершілік туралы көзқарастары, ежелгі Шығыс ойшылдарымен пікір сабақтастығы жайлы ғылыми деректер қорытылып, талданып, Абай шығармаларының тілдік ерекшеліктерін ешкелген «Абай лұғаты» зерттеуі де осы томға енгізілді.

«СБ» ақпарат

ЖӘРМЕҢКЕДЕ
АРЗАН БАҒА

Өткен сенбіде Қызылорда қаласында ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесі болды.

Жанакорған, Шиели, Жалағаш және Қазалы аудандарынан жүк арта келген көліктер белгіленген орындарға – Тасбөтег кенті, Астана даңғылы, Ә.Қашаубаев, Г.Мұратбаев көшелеріне аялдады. Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының мәліметінше, 190 көлікке 475 тоннаға жуық түрлі өнім тиелген. Оның ішінде күріш, ет, балық, бақша байлығы мен ешкі-тоқты, тағысын тағы жергілікті тұрғындарға базар бағасынан 15-20 процентке арзанға сатылды. Аудан дикандарының жылдағы үрдіспен шашпай-төкпей жинаған өнімін жұрт қаптап үйлеріне әкеліп жатты. Бәрі – қыстың қамы.

Жәрмеңке қатары табиғи әрі сапалы өнімге толы болды. Мұндай шараны тиімді ұйымдастырудағы басты мақсат – әлеуметтік маңызды азық-түлік бағасын тұрақтандыру, оны халыққа қалтаға қонамды етіп ұсыну, делдалдық қызметті шектеу.

«СБ» ақпарат



ТАРИХ СЫР ШЕРТЕДІ

Облыстық тарихи-өлкетану музейі Қазақ КСР Жоғарғы Кенесі Президиумы ұйымдастыру комитетінің 1939 жылдың 7 ақпанындағы қаулысының шешімімен құрылған. Алғашқы жылдары музей экспозициясы 1890-1896 жылы салынған Перовск Казан-Богородтық шіркеуі орналасқан ғимаратта болды. Сол кездегі музейдің ең құнды экспонаттар қатарында батыр киетін дулыға, сауыт, 1853 жылы «Ақмешіт» бекінісін алуда пайдаланылған зеңбірек ұңғылары, Ұлы Жібек жолының сауда нүктелерінде айналымдағы ақша коллекциясы болған. 1980 жылы облыстық атқару комитетінің шешімі бойынша музейге 1953 жылы салынған екі қабатты үй бөлініп, 1985 жылдың 7 мамырында өз жұмысын бастайды. Музей орналасқан бұл ғимараттың өзі – 1953 жылы салынған қаладағы архитектуралық ескерткіштердің бірі.

– 2015 жылы музейге реконструкциялық, реттесушілік жұмыстар жүргізілді. Соның нәтижесінде музей залдары заманауи үлгіде жасакталып, жаңартылды. Музейдің I және II қабаттарына жана технологиялық электронды мониторлар мен теледидарлар орнатылды. Кіре беріс фойеде орналасқан мониторлар арқылы музей залдарының виртуальді экспозициясымен танысуға болады, – дейді музей директоры Сапар Көзейбаев.

Қазіргі таңда төл тарихымыз бен ұлттық идеологиямызды дүниежүзіне насихаттайтын рухани-мәдени орталықтың қорында 60651 экспонат, 1000-ға жуық әшекей бұйымдар коллекциясы сақталуы. Әйгілі Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясының нәтижесінде Мәскеуден арнайы әкелінген 2000-ға жуық құнды археологиялық бұйымдар да сақталған. Сондай-ақ, «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында Шірік-Рабат, Жанкент, Сығанақ қалашықтарына жүргізілген археологиялық ғылыми-зерттеу жұмыстары кезінде табылған археологиялық экспонаттар, соның ішінде сак дәуірінде алтыннан жасалған әшекей бұйымдарды да осы жерден табуға болады. Мұндағы енді бір құнды дүние – XVIII-XX ғғ. Санкт-Петербург, Стамбул, Ташкент, Қазан қалаларының баспасынан шыққан сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалардың сақталуы. Айта берсек, қордағы дүниелерді санамалап бітіру мүмкін емес. Бірақ ерекше атап өтетіндері жетерлік. Соның бірі – шетелдік зерттеушілердің аса қызығушылығын тудырып жүрген артефакт Жонғар дулығасы. XVII-XVIII ғғ. мерзімдегі ағалар дулыға Қазақстанда бағамасыз жок дүниелердің бірі болып отыр.

Музейде қазір 4 бөлім жұмыс істейді: өлке тарихы, археология және этнография, қор, экскурсиялық-көпшілік бөлім. Өлкенің тарихы мен табиғатын баяндайтын 11 экспозициялық: «Кіріспе», «Өсімдіктер мен жануарлар», «Қасиетті Қазақстан және археология», «Сыр өлкесінің әлеуметтік-экономикалық дамуы», «Өлкеде Кенес үкіметінің орнауы», «Ауыл шаруашылығының дамуы», «Қызылорда облысы Ұлы Отан соғысы жылдарында», «Облыстың әлеуметтік саласының дамуы», «Мәдениет және өнер», «Этнография», «Тәуелсіз Қазақстан» залы бар. Мұндағы құнды деректер газырлар тарихынан сыр шертіп қана қоймай, бүгінгі күннің мұраларымен ұштасып жатады.

ЖӘДІГЕРЛЕР КӨМБЕСІ

Аймақта қалм заманнан келе жатқан қос тарихи ғимарат бар. Ішіне есенсіз, түрлі жәдігерлердің көмбесіне куә боласыз. Ол – С.Айтбаев атындағы көркемсурет галереясы мен «Ақмешіт» музейі. Бұл екі ғимараттың бірі әскери комиссариат болса, екіншісі – 1917 жылы әскери казарма ретінде пайдаланылған. Уақыт өте келе нысандар жана кейіпке еніп, көпшілік тамашалайтын мәдени ошаққа айналды. Мәселен, облыс басшыларының тікелей қолдауымен 2014 жылы тарихи ескерткіштер тізіміне енген бұрынғы әскери комиссариат ғимаратына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп, облыстық музейдің бір бөлімі – Көркемсурет галереясы ашылды. Онда елімізге әйгілі суретшілер Ә.Қастеев, С.Романов, Г.Исмаилов, А.Ғалымбаева, С.Сенчинин, Қ.Мамақов, Қ.Қожықовтардың және Қазақстан Суретшілер одағының мүшелері, Қазақстан бейнелеу өнеріне өзіндік үлес қосып жүрген жергілікті қылқалам шеберлерінің қолынан шыққан туындылары орналастырылды. Галерея қорында жақын шет елдердің, еліміздің және жергілікті суретшілердің 600-дей туындылары сақталған.

– Галерея ашылған күннен бастап, елімізге белгілі және жергілікті қылқалам шеберлерінің жеке шығармашылық көрмелері ұйымдастырылып келеді. 2017 жылы галереяның ұйымдастыруымен республикалық суретшілер симпозиумы өтсе, 2019 жылы Халықаралық суретшілер симпозиумы өткен болатын. Осы симпозиум барысында көркемсурет галереясына кескіндемеші, график-суретші, Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері Қызылорда облысының тумасы Салихитдин Айтбаевтың есімі берілді. Қазір мұнда көркемсурет галереясы жанында изо студия жұмыс жасайды. Онда оқушыларға бейнелеу өнерінің түрлі жанрларында дәрістер беріледі, – дейді облыстық тарихи-өлкетану музейі директорының орынбасары Жаннат Ахметова.

Ал «Ақмешіт» музейі – Николай патша заманынан бері келе жатқан, 1905 жылы салынған архитектуралық тарихи мұра. Музей төрт залға бөлінген. Бірінші зал – қаланың алғашқы Қамыскала болып негізі қаланған тұстан басталып, Ақмешіт, Перовск кезеңдеріне



Музей – тарих пен тағылым ордасы

Халқымыздың ғасырлардан тамыр тартатын өткені мен бүгінгі, жылдар қойнауындағы құндылығы мен тарихын халық арасына, кейінгі ұрпаққа жеткізуде музейлердің маңызы зор. Себебі, музей – бірнеше дәуірдің тарихын, этнографиясын, тарихи тұлғаларын, өнерін жинақы түрде ұрпақтан ұрпаққа жалғап отырған бірден-бір институт. Өңірдің мәдениеті мен рухани ордасына айналған, 80 жылға жуық тарихи бар сондай орындардың бірі – облыстық тарихи-өлкетану музейі. Жұырда музейдің жұмысымен танысудың сәті түсті. Жылдар бойы сақталып, сыны мен сырын жоғалтпаған тарих көмбесіне тағы бір мәрте куә болдық.


Сб Мейрамқұл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ, «Сыр бойы»

жалғасады. Екінші бөлімде Орынбордан астананың Ақмешітке көшірілуі, ағарту, денсаулық сақтау, мәдениет, тарихи-ғимараттар мен ұлы тұлғаларымыз туралы құндылықтар орын алған. Үшінші зал облыстың құрылу тарихы және аймақтағы өндіріс салаларының дамуына дерек берсе, соңғысы – зиялы қауым өкілдерінің қонақ бөлмесінің интерьері салы. Онда сол кездегі тұлғалар тұттыңан жиһаздар мен мүліктер орналасқан. Сондықтан мұнда жақ ұрпақтың өткен тарихты танып-білуіне зор мүмкіндік жасалған.

Жалпы жаһандану заманында мәдени мұраны сақтап, өскелең ұрпақтың тарихи санасын қалыптастырып отырған облыс бойынша барлығы 14 музей халыққа қызмет көрсетеді. Олар – облыстық тарихи-өлкетану музейі, 7 аудандық тарихи-өлкетану музейі, Қорқыт Ата мемориалдық музейі, Қазалы ауданындағы Г.Мұратбаевтың мемориалдық музейі, Шиели ауданындағы Н.Бекежановтың мемориалдық өнер музейі және Ы.Жақаев атындағы күрші өсіру тарихи музейі, Қызылорда қаласының тарихи музейі, Арал қалалық тарихи музейі. Қазіргі таңда облыстық музей қорында 144 523 экспонат жинақталған.

Жұырда қор тағы бір құнды дүниелермен толысты. Ол – Қазақ КСР Халық жазушысы, әдебиет зерттеушісі, сыншы-ағалым, Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі, профессор Мұхамеджан Қаратаевтың тұттыңан заттары. Музей қызметкерлері оны арнайы барып әкелген.

– Сыр өңірінің тума таланты, әдебиет зерттеушісі, жазушы Мұхамеджан Қаратаевтың



Суреткері түсірген Нұржауыл Бай

туғанына биыл 110 жыл толып отыр. Осы орайда, облыстық тарихи-өлкетану музейі қорын толықтыру және экспонат жинақтау мақсатында музей қызметкерлері Е.Баймурзаева мен К.Ахметова Алматы қаласына іссапармен барып, жазушының келіні Жәмилә Қаратаеваның үйінде болды. Сол сапарда М.Қаратаевтың қазақ әдебиетінің дамуы жолында жасаған еңбектері мен рухани мұраларын, қолжазбаларын, кітаптарын, үй тұрмысында пайдаланған жеке заттарын, жұмыс кабинетіндегі жиһаз жиынтығын, барлығы 1000-ға жуық құнды заттарын елге жеткізді. Жоғарыда аталған заттар

ЖӨНІ БӨЛЕК ЖОБАЛАР

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында «Біз жаңғыру жолында бабалардан мирас болып, қанымызға сіңген, бүгінде тамырымызда бүлдірілген жатқан ізгі қасиеттерді қайта түлетуіміз керек. ...Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен мәдениетіміз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда, ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс.



Абайдың даналығы, Әуезовтің ғұламалығы, Жамбылдың жырлары мен Құрманғазының күйлері, ғасырлар қойнауынан жеткен бабалар үні – бұлар біздің рухани мәдениетіміздің бір парасы» деп әдебиетіміз бен мәдениетімізді жаңғыртудың бірқатар тұсын нақтылап берген болатын. Осы орайда музей ұжымы түрлі жобаларды жүзеге асырып келеді. Соның бірі – «Асыл мұра» музейлік жобасы. Бұл жоба арқылы музей қорында сақталуы этнографиялық, археологиялық, нумизматикалық коллекциялар мен ұлттымыздың салт-дәстүрлерін халықарасында насихаттаса, «Ақмешіт» музейі «Тарихыңды танып біл», «Қазақтың данқты астаналары» атты жобалар арқылы ортағасырлық Сығанақ, Сауран қалашығына, Түркістан қаласындағы Әзірет Сұлтан кесенесі секілді киелі жерлерге экскурсия жұмыстарын ұйымдастырды. Сондай-ақ, Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150, ақын, ағартушы Абай Құнанбайұлының 175 және тамырлы тарихымыздың берлері кезеңін қамтитын Артын Орда мемлекетінің 750 жылдығына орай «Қанат жайған руханият» атты көрме, оған қоса Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық қорық музейінің «Абай – дана, Абай – дара қазақ» атты жылжымалы көрмесі ұйымдастырылды.

– Елімізде төтенше жағдайдың енгізілуіне байланысты шаралардың барлығы дерлік онлайн түрде әлеуметтік желілер арқылы көпшілік назарына ұсынылуда. Музейлердің экспозициялары Алаштың асақ рухын баяндап, Сыр елінің тарих тағалымын кейінгі жас ұрпаққа танытады. Бүгінде көпшілікті өлке тарихымен таныстыру, ел тарихын насихаттау мақсатында музей қорындағы ең құнды экспонаттарымыз «Бір жәдігер тарихы» айдары арқылы жарияланып, «Сіз білесіз бе?» рубрикасы арқылы кезінде елімізде жұмыс жасаған тарихи орындар бар зауыт-фабрикалар, кәсіпорындар туралы түрлі құнды мәліметтер халық назарына ұсынылуда. Тарихи оқиғаларға қатысушылар, ғылым және мәдениет өкілдері, Сыр өңірінің дамуына еңбек еткен құрметті азаматтар туралы мәліметтер, қызықты лекциялар әлеуметтік желілер арқылы жарияланып келеді. Музей қызметкерлерінің зерттеу нәтижесінде дайындалған тарихи-танымдық видеолар желі көрсеткіштерінің көңілінен шықса, мәдени темімізді танытатын жауһар жәдігерлерімізді насихаттау, ел тарихын халыққа таныту мақсатында «Асыл мұра», «Ескерткіштер туралы біле жүріңіз», «Бұл үйде кім тұрған?» музейлік жобалары ерекше қызықтырады, – дейді музей директоры С.Көзейбаев.

Алдағы уақытта «Туған жер» бағдарламасы аясында әр аудан аумағына этнографиялық экспедиция, «Тогыскан мәдениеті» атты этноэкспертиза ұйымдастыру жоспарлануда.

– Аудандарда түрлі жобалар қолға алынды. Мәселен, Жалағаш ауданында «Туған жерге саяхат» кіші музейлік туризм жобасы іске асырылса, «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында Қазақстанның қасиетті нысандар тізіміне Жанакорған ауданы бойынша 10 ескерткіш еніп, оларға да экскурсия жұмыстары жүргізілуде. Мұның барлығы өңірдің мәдениетін дәріптеуде тарихи маңыздылығымен құнды. Алда жүзеге асыратын жоспар көп. Келер жылы Арал ауданында ашық аспан астындағы музей ұйымдастыру, «Ақмешіт» музейіне жаңа атау беру жоспары да бар. Сондай-ақ, ішкі туризмді дамытуға үлес қосып, Шірік-Рабат, Жетісар мәдениеті секілді көне тарихи мекендерге экстремальді туризм ұйымдастыратын боламыз, – дейді енді бір сөзінде музей директоры.

Жалпы ұжымның атқарған жұмыстары жетерлік, алға қойған мақсаттары да айқын. Ендігі меже – тамыры терең таңғажайып тарихымызды дәріптеуді, кейінгі ұрпаққа жеткізуді жалғастыра отырып, әлемге танытуды қолға алу. Ол алдағы уақыт еншісіне.

Түінін. Жаһандану заманында әлемнің қорығатын елі жаһандық үрдіске ереміз деп ұлттық болмысы мен рухани құндылығынан айырылып, азып-тозуында алдында тұрғаны белгілі. Ойлануы қарасақ, ұлттық құндылық байлықпен не экономикалық көрсеткіштермен өлшенбейді. Ұлттық құндылық – біздің рухани құндылығымыз, адами қасиеттеріміз, қазақи таным-түсінігіміз бен болмысымыз, дан, салт-дәстүрімізден бастау алатыны сөзсіз. Елбасының «Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр алмаса, ол адасуға бастайды» деген ойы осыдан туындаса керек. Бұл тұрғыда музей – тарих пен дәстүрдің ұштасқан, ұрпақтар жалғастығының негізгі алтын көпірі. Сол себепті қөгенде жеткен жәдігерлерді жинақтап, көздің қаршығасындай сақтайтын осынау мәдени ошақтың ұрпақ тәрбиесі үшін маңызы зор.